

**Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы
«Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынның қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
аналитикалық анықтамасы**

Щучинск. қ

2024 жылғы 28 маусым

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізудің үлгі ережелерін бекіту туралы» сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу мақсатында 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 01-09/н-39 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу бойынша уәкілетті тұлғаны тағайындау туралы» бұйрығы қабылданды, Басқарманың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін талдау жүргізу мақсатында.

Талдау жүргізу кезеңі: 2024 жылғы 1-30 маусым.

Талданатын кезең: 2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 1 маусымға дейін.

Бұйрықпен уәкілетті тұлға - заңгер Боранбай Зиявич Жусупов тағайындалды (бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі).

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» ШЖҚ МКК басшысына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге басшылық ету, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 24 қазандағы № А-11/501 қаулысымен бекітілген Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» ШЖҚ МКК Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) бар.

Ақмола облысы білім басқармасы басшысының 14.08.2023 жылғы № 125-ш/м бұйрығымен Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы жоғары педагогикалық колледжі» ШЖҚ МКК басшысы болып Бичун Галина Викторовна тағайындалды.

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» ШЖҚ МКК миссиясы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» ШЖҚ МКК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында мыналар анықталды:

«Нормативтік құқықтық актілер» бағыты.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың жұмыс тобы өз қызметінде ЖПК басшылыққа алатын кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді зерделеді.

Талдау жүргізу барысында ЖПК қызметі және онымен байланысты нормативтік - құқықтық актілер қаралды («Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі техникалық және кәсіптік оқыту, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары, колледж Жарғысы және т. б.).

Талданатын кезеңде 857 нормативтік құқықтық актілер (бұйрықтар) әзірленді, оның ішінде негізгі қызмет бойынша - 144, жеке құрам бойынша-183, іссапар және демалыс - 530. Колледж бойынша бұйрықтар жүйелі сипатқа ие және күнтізбелік жылдың басынан аяғына дейін нөмірленеді. Барлық бұйрықтар бұйрықтың әрекеттері мен мазмұнын реттейтін нормативтік - құқықтық актілерге сәйкес шығарылды.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар белгіленбеген.

Жұмысқа қабылдау шарттарының бірі – педагогтардың білімін бағалау сертификатының (бұрынғы ҰБТ) немесе педагог-модератор, педагог-эксперт, педагог-зерттеуші, педагог-шебердің біліктілік санаты туралы куәліктің болуы (болған жағдайда).

Жұмысқа қабылдау кезінде кейбір қайшылықтар туындайды. Мысалы, қызметкерді оқу жылының ортасында немесе тамыздың соңында жұмысқа орналастыру қажет, бірақ ЖҚЖ базасы жылына екі рет ашылатындықтан, педагогтардың тестілеуден өтуге, яғни педагогтың бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасу конкурсына қатысуға мүмкіндігі жоқ. Сол арқылы білім беру ұйымы мамансыз қалады.

Ұсыныстар:

1. ҰТО РМҚК-ға (Ұлттық тестілеу орталығы) жұмысқа орналасатын педагогтер үшін ЖҚБ тапсыру мерзімін тұрақты етіп өзгерту ұсынысымен хат жолдау.

«Персоналды басқару» бағыты.

2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша штат-тізімдік саны 164 штат бірлігін құрайды, оның ішінде: әкімшілік персонал-4, оқытушылар-59 негізгі және 10 қоса атқарушы оқытушылар, 1 Өндірістік оқыту шебері; мамандар – 27 негізгі және 7 қоса атқарушы; шағын орталық-14; техникалық персонал – 31, жалақысы сақталмайтын демалыс бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша төлемдер – 11;

Барлық қызметшілер лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Кадрлардың ауысымдылығын талдау көрсеткендей, 2023 жылғы 1 маусымнан бастап 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде 53 (елу үш) еңбек шарты жасалды, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес 49-бап. б. 5 сәйкес қызметкердің өз қалауы бойынша 54 (елу төрт) еңбек шарты бұзылды

Тәртіптік практиканы талдау барысында 2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде 10 тәртіптік жаза қолданылғандығы анықталды, оның ішінде: Еңбек кодексіне сәйкес 4-ескерту, 4-сөгіс, 2-қатаң сөгіс (өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін) 72-бап, 1-тармақ. Негіздеме және растайтын құжаттар бар. Ағымдағы кезеңде кадр мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Жұмыскерлердің жеке істері, соның ішінде жоғары немесе кәсіби және техникалық білімінің бар екенін растайтын құжаттар (дипломдар) тексеріліп, нәтижесінде барлық жұмыскерлердің тиісті салалардағы уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Педагогтарға біліктілік санаттары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес беріледі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 29 ақпанда № 13317 болып тіркелді. 1-тармақ 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес редакцияда. Әкімшілік құрамында санаты барлар: бірінші біліктілік санатындағы басшы - 1, үшінші біліктілік санатындағы орынбасар - 1.

Сондай-ақ, қызметкерлердің жеке істері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалу мен сауықтыруды, дене шынықтыру мен спортты, медициналық қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметтер көрсетуді, мәдениет пен өнерді ұйымдастыру саласындағы ұйымға жұмысқа орналасуға жол бермеу бөлігінде көзделген шектеулердің болмауы тұрғысынан тексерілді қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін: кісі өлтіру, денсаулығына қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандылығына, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшыраған адамдар (ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда), экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін.

Қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар екені анықталды.

Қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан босату кезінде басшы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексін, сондай-ақ ұжымдық шартты қатаң басшылыққа алады. Бұзушылықтар табылған жоқ.

«Арнайы есепке алу» ААЖ дерекқорына сәйкес колледж қызметкерлерінің ешқайсысында қылмыстық қылмыстары үшін соттылығы не өтелмеген соттылығы жоқ, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер жоқ.

Ішкі талдау барысында лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталған жоқ.

Жолдама-жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

Талданып отырған кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыстың жай-күйі жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңына сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатыны анықталды.

Тексерілетін кезеңде заңды және жеке тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледж» ШЖҚ МКК лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар түскен жоқ.

«Мемлекеттік қызметтер» - Бағыт.

ҚР цифрлық даму инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 31.01.2020 жылғы № 39 НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес білім беру ұйымдарында 8 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау;

- Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру;

- Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды қалпына келтіру;

- Техникалық-кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімін аяқтамаған адамдарға анықтама беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру;

- Білім туралы құжаттар туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету);

- Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау.

2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде барлығы: 946 қызмет көрсетілді;

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген - 33 қызмет;

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер 12 қызмет;

көрсетілген мемлекеттік қызметтер қағаз нұсқада көрсетілген - 820 қызмет.

электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер -81 қызмет.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

3) Неғұрлым сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат: Білім басқармасы жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледж» ШЖҚ МКК-да сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» - көрсетілген кезеңде 229 қызмет;

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» - көрсетілген кезеңде 335 қызмет.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың қағидалары мен тізбелері колледждің ресми интернет ресурсында орналастырылған <http://pt0005.burabay.aqmoedu.kz> / «Мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімінде. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың қағидалары мен тізбелері де ақпараттық стенділерде орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін колледжде кедергісіз орта құрылды: пандустар, шақыру түймелері, көру қабілеті бұзылған адамдар үшін тактильді желілер, мүгедектердің және мүмкіндігі шектеулі адамдардың автомобильдеріне арналған тұрақ, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге бейімделген санитарлық тораптар.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар).

Көрсетілген кезеңде білім беру ұйымы 1 Тікелей эфир (2024 жылғы мамыр айында «Білім туралы құжаттар туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі инстаграмм бетінде) және газетте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы 6 жарияланым, 9 колледждің ресми интернет - ресурстарында және әлеуметтік желілерде өткізді. Сондай-ақ, колледж сайтында, әлеуметтік желілерде талқылау мақсатында 2023 жылғы мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы колледж қызметі бойынша жария есеп орналастырылды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында 2020 жылдан бастап білім беру ұйымдарында ҚР БҒМ ММ АЖО жүйесі жұмыс істейді, онда 3 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

Сонымен қатар, «College Smart Nation» ақпараттық жүйесінде 7 мемлекеттік қызмет автоматтандырылды.

2) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Колледжде мемлекеттік қызметтерді 5 қызметкер көрсетеді, олар қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген, техникалық сипаттамалары Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 қарашадағы № 322/НҚ «Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың бірыңғай жұмыс орны немесе терминалдық жүйесіне және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарының компоненттеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес келеді. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты 5 қызметкердің ішінен 2 қызметкер «ТОО «Фирмы «Конструктивное решение» ұйымдастырған мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, «Мемлекеттік қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру. Ерекше қажеттіліктері бар адамдармен өзара әрекеттесу» тақырыбы бойынша тиісті сертификаттарға ие.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

2023 жылғы 24 қарашада Ақмола облысының Білім басқармасы Көкшетау қаласының жоғары техникалық колледжінде 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 30 қазанға дейінгі кезеңде көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша бақылау іс-шарасын өткізді. Бақылау іс-шарасының қорытындысы бойынша есепті деректерде сәйкессіздіктер және мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу анықталған жоқ.

2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуы анықталған жоқ, шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызметтердің бұзылуына жол бермеу және сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қажетті шаралар қабылдануда.

«Ұйымдастыру-басқару қызметі» бағыты.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу.

2023 жылғы 1 маусым мен 2024 жылғы 1 маусым аралығында Ақмола облысы білім басқармасының «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» ШЖҚ МКК 176 сатып алу жүргізілді. Тексерілетін кезеңде барлық келісімшарттар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы»


заңына сәйкес (келісімшарттардың 100%-ы) байқау, баға ұсыныстарын сұрату және т.б. арқылы жасалды.

Тексерілетін кезеңде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты 5 Өнім беруші енгізілді. Шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін, атап айтқанда тауарды жеткізу мерзімін кешіктіргені үшін жеткізушілерден тұрақсыздық айыбы (өсімпұл) өндіріп алынды. Кезеңдегі тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы 112598 теңгені құрайды. Жеткізушілермен жұмыс барысында орындалмау фактілері, шарттық міндеттемелер, яғни. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттарда көрсетілген мерзімдерде тауарды жеткізбеу. Нәтижесінде Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледж» ШЖҚ МКК Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 5 жеткізушіге талап арызбен жүгінді. Барлық 5 іс бойынша сот шешімімен тауарды жеткізу мерзімін кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын төлеу және өнім берушілерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу жөніндегі талаптар қанағаттандырылды.


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындысы бойынша ШЖҚ МКК ұсынылды:

1. Колледж қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;
2. Колледжде кадрлардың ауысуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;
3. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қатаң сақтау;
4. Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жоспарланған мемлекеттік сатып алуды белгіленген мерзімде жүргізу.
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің жалақысын, сыйлықақыларын және қосымша ақыларын есептеу сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлықақыларына үстемеақы белгілеу қағидаларына сәйкес жүргізілсін.

Ішкі талдау жүргізуге уәкілетті тұлға
Жүсупов Боранбай Зиявич



КЕЛІСІЛДІ



басшының ОІЖ орынбасары С.Б. Касымжанова
бас бухгалтердің м.а. С.И. Устинович
кадрлар бөлімінің меңгерушісі Т.Н. Бегалиева
мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер М.К. Кариенова

ТАНЫСТЫМ

Колледж басшысы



Г. Бичун